

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 наурыздағы № 40/5 "Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 28 мамырдағы № 43/7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 маусымда № 6329 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 7 қазандағы № 48/13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 07.10.2020 № 48/13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексінің 9-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабы 4-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 11 наурыздағы № 40/5 шешіміне (2020 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6102 болып тіркелді) мына өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихат сессиясының төрағасы*

*Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының хатшысы*

В. Притчин

В. Бубенко

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты
2020 жылғы 28 мамыры № 43/7 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихаттың 2020 жылғы 11 наурыздағы
№ 40/5 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде қосымша берілетін тегін дәрілік заттар

№	Дәрілік заттардың атауы	Аурулардың халықаралық жіктемесі 10 – қайта қарау бойынша аурулардың тобы	Аурулардың синонимдері және атаулары	Дәрілік заттарды тағайындау үшін көрсетімдер (дәрежесі, сатысы, ауыр ағымы)	Халық санаты
1.	Инфликсимаб Тоцилизумаб Адалimumаб	Балалардағы жасөспірімдердің жүйелік бастамалы артриті (M 08.2)	Ювенилді идиопатикалық артрит жүйелі нұсқасы	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар
2.	Тобрамицин	Зат алмасуының бұзылуы (E 84.8)	Басқа көріністі жылауықты фиброз (муковисцидоз)	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар
3.	Риоцигуат	Өкпелік бастапқы гипертензия (I 27.0)	Идиопатикалық өкпе артериясының гипертензиясы (бұдан әрі - ӨАГ), тұқымқуалаушы ӨАГ	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар
4.	Ритуксимаб	Дәнекер тіннің жүйелік зақымданулары (M 31.3)	Вегенер гранулематозы	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар
5.	Инфликсимаб	Жұқпалы емес энтерит пен колит (K 51)	Ойық жаралы колит	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар
6.	Эверолимус	Органдар мен тіндер ауыстырғаннан кейінгі күйлері (Z 94.0)	Трансплантацияланған бүйректің болуы	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар
7.	Алглюкозидаза альфа	Гликоген жиналу аурулары (E 74.0)	Помпе ауруы (2 типті гликогеноз)	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар
8.	Кабозантиниб	Бүйрек қалқанынан басқа, бүйректің қатерлі ісіктері (C 64)	Бүйректің қатерлі ісіктері	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар

9.	Экулизумаб	Ұстамалы гемоглинурия, түнгі (Маркиафавтар-Микели) (D 59.5)	Ұстамалы гемоглинурия, түнгі (Маркиафавтар-Микели)	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар
10.	Вигабатрин	Эпилепсия (G40)	Эпилепсия	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК